

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне экологиялық аудит мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 желтоқсандағы N 1285 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне экологиялық аудит мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

**Экологиялық аудит мәселелері бойынша кейбір заңнама актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
Қазақстан Республикасының Заңы**

1-бап. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 17-18, 213-құжат; 1998 ж., N 24, 443-құжат; 1999 ж., N 11, 357-құжат; N 23, 931-құжат; 2001 ж., N 13-14, 171-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2004 ж., N 10, 57-құжат) :

1) 1-бап мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"экологиялық аудит - экологиялық қатерлерді анықтау мен бағалауға, олардың қоршаған ортаны қорғау саласындағы нормалар мен ережелерді, экологиялық талаптарды, табиғи ресурстарды пайдалану мен молайту жөніндегі есептілікті жасаудың, белгіленген стандарттармен қоршаған ортаны басқару және олардың қызметінің экологиялық қауіпсіздігінің деңгейін арттыру жөніндегі нұсқамаларды әзірлеу жүйесінің сәйкестігін жасаудың дұрыстығын қоса, сақтауды белгілеуге бағытталған қоршаған ортаға әсерін көрсететін аудиттелетін субъектілердің (жеке және заңды тұлғалар) шаруашылық және өзге де қызметін тәуелсіз тексеру;

экологиялық менеджмент жүйесі (қоршаған ортаны басқару жүйесі) - экологиялық саясатты әзірлеу, енгізу, іске асыру, талдау және қолдау үшін қажетті ұйымдастырушылық құрылымын, жоспарлауды, жауапкершілікті, әдістерді, рәсімді,

процестер мен ресурстарды қамтитын әкімшілік басқарудың жалпы жүйесінің бөлігі;
экологиялық аудиторларды аттестациялау - экологиялық аудитті жүргізу үшін оған қажетті жеке тұлғада білім алуының, жұмыс тәжірибесінің, арнайы дайындықтың, білімдерінің, дағдылары мен жеке қасиеттерінің өз еркімен болуын растау;

экологиялық аудитке тапсырыс беруші - мүдделі заңды және жеке тұлғалар, сақтандыру ұйымдары, қаржы салушылар, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган, мемлекеттік органдар.";

2) 8-баптың екінші бөлімін мынадай мазмұндағы он бірінші және он екінші абзацтармен толықтырылсын:

"экологиялық аудиторларды аттестациялау және арнайы біліктілік комиссиясын құру ережесін бекітеді;

экологиялық аудитті өткізу қажеттілігі туралы қорытынды нысанын бекітеді;"

3) 16-баптада "жыл сайын" деген сөз алынып тасталсын;

4) 20-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы сегізінші абзацпен толықтырылсын:

"экологиялық менеджмент жүйесін өндіріске енгізуге (қоршаған ортаны басқару жүйесіне);";

5) 81, 82, 83-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"81-бап. Экологиялық аудит

Экологиялық аудит қоршаған ортаға әсер ететін шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге асыратын аудиттелетін субъектілердің экологиялық есептілігін талдау, өндірістік-технологиялық процестің, персоналдың біліктілігі мен дайындылығын, қоршаған ортаны ластауға аудиттелетін субъектінің нақты үлесін белгілеу үшін арнайы зерттеулер мен зертханалық өлшеулер өткізуді, қоршаған ортаны қорғау саласындағы нормалар мен ережелерді, экологиялық талаптарды, табиғи ресурстарды пайдалану және молайту жөніндегі есептілікті жасаудың дұрыстығын, стандарттарға белгіленген ұйымда қабылданған қоршаған ортаны басқару жүйесінің сәйкестігін қоса, сақтауды белгілеуді бағалау жолымен жүргізіледі.

82-бап. Экологиялық аудиторлық қызмет

Экологиялық аудиторлық қызмет - экологиялық аудитті жүргізу жөніндегі экологиялық аудиторлар мен экологиялық аудиторлық ұйымдардың лицензияланатын кәсіпкерлік қызметі.

83-бап. Экологиялық аудитті жүзеге асыру тәртібі

1. Міндетті экологиялық аудит және бастамашылық экологиялық аудит экологиялық аудиттің түрлері болып табылады.

2. Жеке және заңды тұлғалардың міндетті экологиялық аудитін жүргізу үшін мыналар негіз болып табылады:

1) стратегиялық трансшекті және экологиялық қауіпті объектілерді құру;

2) құжатты түрде расталған жеке және заңды тұлғалардың қызметімен келтірілген қоршаған ортаға зиян;

3) табиғат қорғау мәселелеріне жататын жеке және заңды тұлғалардың есептік құжаттамасына, қоршаған ортаға әсер етудің нақты деңгейіне жүйелік сәйкессіздіктерді т а б у ;

4) заңды тұлғаларды - табиғат пайдаланушыларды қайта ұйымдастыру;

5) стратегиялық және трансшекті объектілердің иелері болып табылатын, сондай-ақ қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын заңды тұлғалардың б а н к р о т т ы ғ ы .

3. Міндетті экологиялық аудитті жүргізу туралы шешімді қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган қабылдайды және экологиялық аудитті жүргізудің қажеттілігі туралы қорытынды түрінде ресімделеді.

4. Міндетті экологиялық аудиттің нәтижелері табиғат қорғауды жоспарлау, бақылау және сараптау саласындағы шешімдерді қарау және қабылдау үшін қоршаған ортаны қорғау саласында уәкілетті органына беріледі. Экологиялық аудиторлық қорытынды, сондай-ақ облыс, аудан аумағында - облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарына, сақтандыру ұйымдарына берілуі және аталған органдардың біреуінің не аудиттелетін объектінің өзара келісімі бойынша ж а р и я л а н у ы м ү м к і н .

5. Бастамашылық экологиялық аудит экологиялық аудитті жүргізуге арналған шартпен қаралған міндеттерді ескере отырып, аудиттелетін субъектінің бастамашылығы бойынша жүргізіледі. Бастамашылық экологиялық аудиттің нәтижесі құпия болып табылады. Экологиялық аудиторлық қорытынды аудиттелетін субъектінің шешімі бойынша жариялануы, ұсынылуы облыс, аудан аумағында - облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарына, сақтандыру ұйымдарына, инвесторларға, сондай-ақ танысу үшін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға берілуі мүмкін.

6. Экологиялық аудитті өткізу тәртібі қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі а й қ ы н д а й д ы .

7. Экологиялық аудит экологиялық аудитормен құралады және аудиттелетін субъекті не тапсырыс берушімен келісіле отырып, экологиялық аудит өткізетін жоспармен сәйкес өткізіледі. Экологиялық аудит өткізетін жоспардың үлгілік нысаны экологиялық аудиторлар палатасы бекітеді де ұсынымдық сипатта болады."

б) мынадай мазмұндағы 83-1, 83-2, 83-3, 83-4, 83-5, 83-6, 83-7, 83-8, 83-9, 83-10, 83-11, 83-12, 83-13, 83-14, 83-15, 83-16 және 83-17-баптарымен толықтырылсын:

"83-1-бап. Экологиялық менеджмент жүйелерінің (қоршаған ортаны басқармалары жүйесінің) аудиті

1. Экологиялық менеджмент жүйелерінің аудиті (қоршаған ортаны басқармалары жүйесінің) бастамашылық болып табылады.

2. Аудиттелетін кәсіпорындар экологиялық аудит стандарттарына қоршаған ортаны

басқарудың қабылданған жүйесіне сәйкестігіне сертификат алуы мүмкін.

Сертификатты қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган келісімі бойынша аккредиттелген орган береді.

83-2-бап. Экологиялық аудитор

1. Экологиялық аудиторлық қызметті жүзеге асыруға аттестацияны өткен және лицензия берілген жеке тұлға экологиялық аудитор болып табылады.

2. Экологиялық аудитор жеке кәсіпкер ретінде немесе экологиялық аудиторлық ұйымның қызметкері ретінде экологиялық аудиторлық қызметті жүзеге асыруға құқылы.

83-3-бап. Экологиялық аудиторлық ұйым

1. Экологиялық аудиторлық ұйым - өндірістік кооперативті және мемлекеттік кәсіпорындарды қамтымағанда, кез келген ұйымдастырушылық-құқықтық нысандағы экологиялық аудиторлық қызметті жүзеге асыру үшін құрылған коммерциялық ұйым.

2. Шетелдік экологиялық аудиторлық ұйымдар Қазақстан Республикасында экологиялық аудитті тиісті экологиялық аудиторлық ұйымдарды - Қазақстан Республикасының резиденттерін құрған жағдайда ғана жүзеге асыра алады.

3. Экологиялық аудиторлық ұйымның құрамындағы экологиялық аудиторлардың саны кемінде екі адамнан тұруы тиіс.

83-4-бап. Экологиялық аудиторлар палатасы

1. Экологиялық аудиторлар палатасы заңды құқықтары мен заңды мүдделерін білдіру үшін құрылған коммерциялық емес, тәуелсіз, кәсіби және өздігінен басқарылатын ұйым болып табылады.

2. Экологиялық аудиторлар палатасы заңды тұлға болып табылады және оның мүшелері жалпы жиналыста қабылдаған жарғы негізінде жұмыс істейді.

3. Экологиялық аудиторлар палатасы ерікті негізде экологиялық аудиторларды, экологиялық аудиторлық ұйымдарды біріктіреді және мүшелік жарна әрі Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қ а р ж ы л а н д ы р ы л а д ы .

4. Экологиялық аудиторлар палатасының құрылымы мен жұмыс органдары оның ж а р ғ ы с ы м е н а й қ ы н д а л а д ы .

5. Экологиялық аудиторлар палатасы:

1) жалпы басшылықты жүзеге асырады және өз мүшелерінің қызметін үйлестіреді;

2) экологиялық аудит өткізетін Жоспардың үлгілік нысанын бекітеді;

3) мемлекеттік органдарда, мемлекеттік емес ұйымдарда өз мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін білдіреді және қорғайды, экологиялық аудиторлық қызметті дамытуда оларға көмек көрсетеді және жәрдем жасайды;

4) лицензиарды өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасаудан экологиялық аудиторлардың жалтаруы және Қазақстан Республикасы заңнамасының өзге де талаптарын бұзуы жағдайында хабарландырады;

5) экологиялық аудиторларды тағылымдамадан өткізуді және оқытуды ұйымдастырады ;

б) экологиялық аудиторлардың заңсыз қызметіне жеке мен заңды тұлғалардың шағымдары мен өтініштерін қарайды.

6. Экологиялық аудиторлар палатасы Қазақстан Республикасының қоғамдық ұйымдар туралы заңнамасына сәйкес өз қызметін жүзеге асырады.

83-5-бап. Лицензиялар беру

Экологиялық аудиторларға және экологиялық аудиторлық ұйымдарға лицензияны Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган береді.

83-6-бап. Экологиялық аудит жүргізуге шарт

Экологиялық аудиторлар, экологиялық аудиторлық ұйымда және аудиттелетін субъектілер арасындағы қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шарт негізінде құрылады.

83-7-бап. Экологиялық аудиторлық есеп

1. Жүргізілген экологиялық аудит нәтижелері бойынша экологиялық аудит стандарттарына сәйкес келуі тиіс экологиялық аудиторлық есеп жасалады.

2. Жеке кәсіпкер болып табылатын экологиялық аудитор жасаған экологиялық аудиторлық есепке ол қол қояды және оның жеке мөрімен куәландырылады. Экологиялық аудит жүргізуге тартылған, экологиялық аудиторлық есеп жүргізген экологиялық аудиторлар тобындағы әр экологиялық аудитор қол қояды және жеке мөрімен куәландырылады.

Экологиялық аудиторлық есепте сондай-ақ экологиялық аудитордың лицензияны беру нөмірі мен күні көрсетіледі.

3. Экологиялық аудиторлық ұйымның экологиялық аудиторлық есебін орындаушы экологиялық аудитор қол қояды, оның жеке мөрімен куәландырылады, экологиялық аудиторлық ұйымның жетекшісі бекітеді және оның мөрімен куәландырылады.

Экологиялық аудиторлық есепте, сондай-ақ экологиялық аудиторға лицензия берген күні және нөмірі қойылады.

83-8-бап. Экологиялық аудит стандарттары

1. Экологиялық аудит стандарттары деп экологиялық аудитке бірыңғай талаптар белгілейтін нормативтік құжаттар түсініледі.

2. Экологиялық аудит стандарттары стандарттау саласындағы заңнама актілерімен белгіленген тәртіппен бекітіледі.

83-9-бап. Экологиялық аудиторлар мен экологиялық аудиторлық ұйымдардың құқықтары

1. Экологиялық аудиторлар мен экологиялық аудиторлық ұйымдар құқылы:

- 1) экологиялық аудитті жүргізудің орнын өздігінен айқындауға;
- 2) шарт қағидаттарын орындау үшін қажетті шаруашылық құжаттамасын алуға

ж ә н е

т е к с е р у г е ;

3) осы Заңның 83-14-бабында аталған тұлғалардан басқа, шарт негізінде экологиялық аудитті жүргізуге қатысуға әртүрлі бейіндегі мамандарды тартуға;

4) экологиялық аудитті жүргізуге шарт қағидаттарын аудиттелетін субъектінің бұзуы жағдайында экологиялық аудитті жүргізуден немесе экологиялық аудиторлық есепті беруден бас тартуға құқылы.

2. Экологиялық аудиторлар және экологиялық аудиттелетін ұйымдардың қызметіне аудиттелетін субъектілер, мемлекеттік органдардың және үшінші тұлғалардың заңсыз араласуына жол берілмейді.

83-10-бап. Экологиялық аудиторлар мен экологиялық аудиторлық ұйымдардың міндеттері

Экологиялық аудиторлар мен экологиялық аудиторлық ұйымдар міндетті:

1) аудиттелетін объекті қызметінің экологиялық аспектілеріне және оны орналастыру аймағының нақты экологиялық жағдайына жататын барлық қажетті ақпаратты жинауды қамтамасыз етуге;

2) кәсіпорындағы жағдаймен тікелей сол жерде танысуға, негізгі және қосымша бөлімшелерге баруға, персоналмен әңгімелесу жүргізуге;

3) оны өзара салыстыру, өндірістік өлшемдердің сәйкестігін, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган немесе жергілікті басқару органы берген бағалау жолымен кемінде екі жыл кезеңі үшін аудиттелетін субъектілердің экологиялық е с е п т і л і г і н т е к с е р у г е ;

4) өндірістік және аймақтық мониторингтің деректерін растау үшін кәсіпорынның санитарлық-қорғау аймағының шекарасында қажетті зертханалық өлшеулерді ұ й ы м д а с т ы р у ғ а ;

5) өндірісті қосу мен тоқтату, апатты және басқа да жағдайларды қоса аудиттелетін объектінің қызметімен туындаған қоршаған орта мен халықтың жай-күйіне қолайсыз өзгерістердің мүмкіндігін айқындау жолымен экологиялық қатерлерді бағалауды о р ы н д а у ғ а м і н д е т т і ;

6) осы Заңның 83-14-бабында көрсетілген жағдай салдарынан экологиялық аудитті жүргізудің мүмкін еместігін хабарлауға;

7) тексеріс тұжырымдамалары бойынша ұсынымдар әзірлеуге;

8) аудиттелетін субъектіден алынған, экологиялық аудит процесінде жасалған құжаттардың сақталуын қамтамасыз етуге;

9) заңнамаға анықталған құжаттардың сәйкессіздігі туралы аудиттелетін субъектіге х а б а р л а у ғ а ;

10) экологиялық аудит нәтижелерінің құпиялығын, сондай-ақ экологиялық аудитті жүргізу кезінде алынған және коммерциялық немесе өзге заңмен қорғалатын құпияның мәнін құрайтын мәліметтерді сақтауға;

11) Қазақстан Республикасының заңнама кесімдеріне сәйкес ден қою шараларын

қолдану үшін міндетті экологиялық аудит нәтижесінде анықталған қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнаманың анықталған бұзылулары туралы уәкілетті мемлекеттік о р г а н ғ а х а б а р л а у ғ а ;

12) экологиялық аудит туралы шарт бойынша міндеттемеден туындайтын өзге де талаптарды орындауға міндетті.

83-11-бап. Экологиялық аудиторлық қызметті сақтандыру

1. Аудиторлар мен аудиторлық ұйымдар экологиялық аудитті жүзеге асыру кезінде туындайтын міндеттемелер бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру ш а р т ы н ж а с а у ғ а м і н д е т т і .

2. Аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру Қазақстан Республикасының заңнама кесімдерімен айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

83-12-бап. Экологиялық аудиторларды аттестациялау

Экологиялық аудиторларды аттестациялауды қоршаған ортаны қорғау саласындағы және стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы уәкілетті органдар мамандарының санынан құрылатын, Үкімет айқындайтын тәртіппен арнайы біліктілік комиссиясы өткізеді.

83-13-бап. Экологиялық аудиторлар мен экологиялық аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігі

Экологиялық аудиторлық қызмет туралы заңнаманы, сондай-ақ шарт жағдайын бұзғаны үшін экологиялық аудиторлар мен экологиялық аудиторлық ұйымдар Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес жауапкершілікте болады.

83-14-бап. Экологиялық аудит жүргізуге құқықты шектеу

Экологиялық аудиторлық қызметті жүзеге асыру кезінде:

1) Оның құрылтайшылары, қатысушылары, кредиторлары болып табылатын экологиялық аудитті жүргізушілердің тапсырысшыларының немесе құрылтайшысы, қатысушысы, кредиторы осы экологиялық аудиторлық ұйым болып табылатын экологиялық аудитті жүргізудің тапсырысшыларының экологиялық аудиторлық ұ й ы м д а р ы н ы ң ;

2) аудиттелетін субъекті жетекшісінің, сондай-ақ аудиттелетін субъекті жарғылық капиталының он проценттен астамы бар құрылтайшының немесе қатысушының жақын туысқандары немесе жақындары (ата-аналары, жұбайлары, бауырлары, апа-қарындастары, балалары, сондай-ақ жұбайларының бауырлары, апа-қарындастары, ата-аналары мен балалары) болып табылатын экологиялық аудиторлардың;

3) онда жеке мүліктік мүдделері бар аудиттелетін субъекті қызметкерлерінің, қатысушыларының, лауазымды тұлғаларының санынан экологиялық аудиторлардың;

4) баланстың активтер сомасы орташа алғанда жылына алғанда 40 000 еселік айлық

есептік көрсеткіш мөлшерінен асатын немесе олар үшін экологиялық аудит міндетті экологиялық аудит шаруашылық жүргізуші субъектілердің жеке кәсіпкерлер санынан экологиялық аудиторлардың экологиялық аудитті жүргізуіне тыйым салынады.

83-15-бап. Аудиттелетін субъектінің құқықтары

Аудиттелетін субъект құқылы:

- 1) тендер немесе өзге ішкі рәсім негізінде экологиялық аудиторлық ұйымдар не экологиялық аудиторды таңдау туралы өздігінен шешім қабылдауға;
- 2) экологиялық аудит жүргізуге қатысты заңнама талаптары туралы жеткілікті ақпаратты экологиялық аудитордан немесе экологиялық аудиторлық ұйымнан алуға;
- 3) экологиялық аудитор немесе экологиялық аудиторлық ұйымның ескертулері және қорытындылары негізделетін нормативтік құқықтық актілермен танысуға;
- 4) экологиялық аудитор немесе экологиялық аудиторлық ұйымнан анықталған экологиялық есептілік пен өзге де құжаттардың заңнамаға сәйкессіздігі туралы н ұ с қ а м а л а р , а қ п а р а т а л у ғ а ;
- 5) олардың шарт жағдайын бұзуы жағдайында экологиялық аудитордың немесе экологиялық аудиторлық ұйымның қызмет көрсетуінен бас тартуға құқылы.

83-16-бап. Аудиттелетін субъектінің міндеттілігі

1. Аудиттелетін субъект міндетті:

- 1) экологиялық аудитті уақтылы және сапалы жүргізу үшін экологиялық аудитордың немесе экологиялық аудиторлық ұйымның жағдайын жасауға, қажетті ақпаратты беруге, ауызша және жазбаша түрде түсініктер мен түсіндірулерді беруге;
- 2) егер, өзге шартпен көзделмесе, экологиялық аудитке жататын мәселелердің шеңберін шектеу мақсатымен экологиялық аудитордың немесе экологиялық аудиторлық ұйымның қызметіне қол сұқпауға;
- 3) экологиялық аудитордың немесе экологиялық аудиторлық ұйымның талап етуі бойынша өз атынан қажетті ақпаратты алу үшін үшінші тұлғалардың мекен-жайына ж а з б а ш а ө т і н і ш т і ж і б е р у г е ;
- 4) экологиялық аудиторлар не экологиялық аудиторлық ұйымдардың көрсетілген қызметтеріне төлемақыны қамтамасыз етуге;
- 5) экологиялық аудит туралы шарт бойынша міндеттемелерден туындайтын өзге де талаптарды орындауға міндетті.

83-17-бап. Аудиттелетін субъектінің жауапкершілігі

1. Аудиттелетін субъект экологиялық аудитті жүргізу үшін экологиялық аудиторға немесе экологиялық аудиторлық ұйымға берілген құжаттардың және басқа да ақпараттың толықтығы мен растығы үшін жауапкершілікте болады.

2. Аудиттелетін субъект жалтаратын немесе оны жүргізуге кедергі келтіретін субъектілері Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілікте болады.

3. Экологиялық аудитті жүргізу аудиттелетін субъектіні берілетін экологиялық есептіліктің және өзге де құжаттардың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкессіздігі үшін жауапкершіліктен босатпайды."

2. "Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 21 қаңтардағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 1-2, 7-құжат; N 13-14, 205-құжат; 1998 ж., N 14, 198-құжат; N 17-18, 225-құжат; 2000 ж., N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 17-18, 240-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 4, 26-құжат; N 11, 67-құжат):

2-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Стратегиялық және трансшекаралық объектілердің иелері болып табылатын, заңды тұлғалардың банкроттығы кезінде міндетті тәртіппен олардың қызметіне экологиялық аудит жүргізіледі. Банкрот кәсіпорынның экологиялық аудитті жүргізу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді."

3. "Атмосфералық ауаны қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 наурыздағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 5 , 5 4 - қ ұ ж а т) :

- 1) 6-баптағы 9) тармақша алынып тасталсын;
- 2) 11-баптағы 4 және 6-тармақтар алынып тасталсын;
- 3) 13-баптың 6-тармағындағы "Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен" деген сөздер алынып тасталсын;
- 4) 15-баптың 4-тармағындағы "Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен" деген сөздер алынып тасталсын.

2-бап. Осы Заң ресми 1-баптың 1 тармағы жарияланғаннан кейін он күн өткен соң, қолданысқа енетінін қамтымағанда, жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті